

Бекітемін
«Балбөбек» бөбекжайы»
ҚМҚК меңгерушісі
Қ.Д. Бактыбаева
«01» 09 2023 жыл

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған балаларға арналған
бейімделген оқу бағдарламасы «Құлпынай» ересек тобы
2023 - 2024 оқу жылы

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Сөйлеу тілі ақаулықтарының ішіндегі ең көп тараған және күрделі түріне жататыны сөйлеу тілінің жалпы дамымауы (СТЖД) болып саналады. Ондай балалар кешенді психологиялық-педагогикалық қолдауға мұқтаж. Республикамызда ондай балалар әртүрлі арнайы білім беру, түзету мекемелерінде көмек алуға құқылы. Бүгінде, дамуында ауытқуы бар балаларға, олардың ата-аналарына деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгеруде. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі балаларға қатысты Қазақстанның бірқатар халықаралық құжаттарға қол қоюы және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзете қолдау көрсету туралы» Заңы, 2005ж. оларға қатысты біршама мәселелерді шешуге ықпалын тигізеді. Сонын бірі ретінде, қазіргі білім беру мекемелеріне арнайы тағайындалған мемлекетіміздің маңызды заңдарының бірінде көрсетілгендей инклюзивті білімді дамыту шаралары қолға алынуда. Инклюзивтік білім беру – мектеп жасына дейінгі әр түрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды дамытуды, мектепке дейінгі білім алуға және дамытуға қол жеткізуді көздейтін кіріктірілген білім беру процесі. Республикада арнайы оқыту саласында біршама жағымды өзгерістердің байқалуымен қатар, осы уақытқа дейін шешуін таба алмай келе жатқан мүмкіндіктері шектеулі балаларды ана тілінде түзете-оқыту, тәрбиелеу мәселесі. Оқыту үрдісін жүргізбес бұрын аталған қазақ тілді балалардың ерекшеліктерін, сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеу қажет. Сөйлеу тілі жалпы дамымаған (СТЖД) қазақ тілді мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамыту қазіргі кездегі логопедияның өзекті де, күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ондай балалармен түзету педагогикалық жұмысты тиімді, ұтымды ұйымдастыру қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жүйеленген жұмыс мазмұнын және тәсілдерін анықтаумен тығыз байланысты. Өкінішке орай, осы уақытқа дейін СТЖД балалардың сөйлеу тілінің, атап айтатын болсақ, лексикалық-грамматикалық жағын, дыбысты айтуын, байланыстырып сөйлеуін анықтауға бағытталған арнайы зерттеулер Қазақстанда жеткіліксіз, жоқтың қасы десек те болады. Сондықтан да, аталмыш нұсқау логопедиядағы әлі де толық зерттелмеген маңызды мәселе–мектеп жасына дейінгі сөйлеу тілі жалпы дамымаған балалардың (яғни, тіл жүйесінің барлық компоненттерінің бұзылысы бар балалардың) сөйлеу тілін тексеру және лексикалық-грамматикалық жағын, дыбысты айтуын, байланыстырып сөйлеуін қалыптастыруға арналған. Қосымшада сөйлеу картасының үлгісі, СТЖД балалармен жұмыста қолданатын тапсырмалар үлгілері, аталған балаларға арналған ұйымдарда заттық-дамыту ортасын орнатуға арналған құрал-жабдықтар, СТЖД балаларға арналған ойындар, тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі және СТЖД балалардың ата-аналарына арналған, баламен жұмыста қолданатын жұмыс түрлері берілген. Оқу-әдістемелік құралдың СТЖД балалармен түзете дамыту жұмысын жүргізетін логопед мамандардың кәсіби іс-әрекетін тиімді, сапалы жүргізуге көмегін тигізеді деп сенеді. Оқу-әдістемелік құралы СТЖД балалар топтарындағы мұғалім-логопедтеріне, тәрбиешілерге және ата-аналарға арналған.

Жеке оқу жоспары

Бағдарламаның мерзімі - 1 оқу жылы

Арнайы түзетуші іс - әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Бағдарлама топтық және жеке сабақтар түрінде ұжымдық түрде жүзеге асырылады:

- тәрбиеші - күнделікті;
- логопед - аптасына 1 рет;
- педагог - психолог - аптасына 1 рет;
- дефектолог - аптасына 1 рет;
- ата - аналардың өтініші бойынша ұсыныстар алынады.

Мақсаты - тілдің лексико-грамматикалық құралдарын белсендендіру болып табылады.

Міндеттері:

- Үстеу, сын есім, етістік, жалпы қолданыстағы зат есімдер есебінен балалардың енжар және белсенді сөздіктерін байыту;
- Тілдің грамматикалық құралдарын белсендендіру;
- Ересек адамдармен және балалармен еркін қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- Диалогтік фразалық сөйлеуін дамыту.

Бағдарлама мазмұны
(ортаңғы топ 4-5 жастағы балалар)

Мерзімі	Арнайы түзетуші іс - әрекет	Арнайы түзетуші іс – әрекеттің міндеттері	Арнайы түзетуші іс – әрекетінде қолданылатын ойын түрлері
1-жартыжылдық	Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту	Импрессивті сөйлеуді дамыту: Болымды және болымсыз бұйрықтарды түсіне алуға оқыту. Мағынасы бойынша қарама-қарсы әрекеттерді ажырата алуға үйрету. Мағынасы бойынша қарсы сын есімдердің орнын түсіну. Экспрессивті сөйлеуді дамыту. Сөйлеу тілінде жай сөйлемдерді қолдана алуға үйрету Сөйлеу тілінде септікті қолдану икемін дамыту; «мен» жіктеу есімдігін зат есіммен келістіруді балаларға үйрету. Жекеше, көпше түрінде зат есімнің сын есіммен келістіру дағдысын дамыту. Тәуелдік сын есімді құрастыра алуды дамыту. Мағынасы бойынша қарама-қарсы сын есімдерді қолдануды дамыту. Кішірейткіш-еркелету мәніндегі заттарды атауды үйрету икемін бекіту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: Сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту. Берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтуға үйрету. Сөздің басында дауысты дыбысы бар сөздер «кітап», сөз ортасында «ыстық», сөз аяғында «қарт». Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: Бала басқа балаларды тыңдай алатын, балалар, ересек адамдармен қарым-қатынас орната алатын жағдайлар жасау. Диалог барысында сұрақтар қоя білуін және оларға жауап қайтара алуын бекіту, өтініш және алғыс білдіру кезінде қарапайым сыпайылықты көрсету алуға үйрету. Диалогқа дер кезінде түсуді және әңгімені аяқтауды дамыту.	«Мамандықтың бәрі жақсы» «Үй жануарлары» «Қарап ал да, есіңе сақта» «Не артық?» «Қайсысы ұнайды?» «Заттың атын ата» «Біздің көңіл-күйіміз» «Қарама-қарсы сөздер» «Не қайда өмір сүреді?» «Заттарды топта» «Сөзді өзгерт» «Сиқырлы суреттер»

Дыбыстап айту	Байланыстырып сөйлеуді дамыту: Өзіндік фразалық сөйлеуді қолдануға үйрету. Пысықтауыш, анықтауыш, көмекші сөздер және көмекші сөздерсіз толықтаулармен сөйлемдерді жайылта алу икемін дамыту. Кішігірім әңгіме немесе ертегі мазмұны бойынша сөз орамдар және сөйлемдерде сөздерді аяқтап айтуға оқыту. Ертегілерден үзінді, көлемі бойынша үлкен емес, өтірік өлеңдер, тақпақтарды жатқа алу икемін дамыту.	«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?» «Ненің құйрығы?» «Жалпы атауын ата» «Қол соғу» «Сен де сонша көрсет» «Сипаттамасы бойынша тап» «Сипаттамасы бойынша таны»
Күтілетін нәтиже	Диалогтік-қарым-қатынастың негізгі түрін қолданады: Үлкендерге «сіз» деп айта отыра, сұрақтарға және өтініштерге жауап береді, құрбыластарымен және ересек адамдармен қатынасқа түсе алады. Мағынасы бойынша қарама-қарсы етістіктер мен сын есімдердің орнын түсінеді. Үстеу, сын есім, етістік, жалпы қолданыстағы зат есімдерді қолданады. Жекеше, көпше түрінде есімдікті зат есіммен, сын есімді зат есіммен келістіре алады; кейбір артикуляциялық жаттығуларды орындай алады. Берілген буындық құрылымдағы сөздерді айтады. Сөздің басында, сөз ортасында, сөз аяғында дауысты дыбысы бар сөздер. Жайылма сөйлемдерді құрастыра алады.	
Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Импрессивті сөйлеуді дамыту: Жалпылама сипаттағы сөздермен енжар сөздікті толықтыру. Тәулік бөліктері, жыл мезгілдерінің атауы; көмекші есімдермен «астында», «жанында» айқындалған, кеңістік қатынасын түсінуіне үйрету. «астында-үстінде», «алдында-артында-жанында», «алыс-жақын» үстеу мәндерін түсінуді үйрету. Ұқсас жағдайларды белгілейтін, іс-әрекеттерді ажырата алуды қалыптастыру. Етістіктің болымды және болымсыз түрін ажыратуға үйрету. Экспрессивті сөйлеуді қалыптастыру: лексикалық тақырыптар бойынша үстеу, сын есім, етістік, жалпы	«Дүкен» «Өз жұбыңды тап» «Қапшықтан неше ойыншық алдың?» «Ойлан тап» «Ол не?» «Қолымда не бар?» «Менің қайда екенімді тап» «Қателесіп қалма?» «Тез жауап бер»

Сөйлеуді дамыту	қолданыстағы зат есім есебінен белсенді сөздікті молайту. Сөйлеуде септікті сөз түрлендіруді қолдана алуды дамыту. Үш көлемінде сан есімдерді зат есімдермен келістіруді, өздік етістіктерді құра алуға үйрету. Байланыстырып сөйлеуді дамыту: Берілген графикалық схема бойынша сөйлемдерді құра алуға оқыту: «кім? – сипаты- зат – әрекет»; «және», «содан соң» жалғаулық шылаулары бар салалас құрамалас сөйлемдерді құра алуға оқыту. Схема және тірек суреттері бойынша қысқа сипатта әңгімелерді құрастыра алуға үйрету. Схема және тіреу суреттері бойынша кішігірім ертегілер мен әңгімелерді қайта айтып беруге оқыту. Ертегі ішінен ұсынылған сюжет бойынша сахналауға үйрету.	«Экологиялық пирамида»
Дыбыстап айту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту: Сөйлеудің айтылым жағынын және фонематикалық түсініктердің алғышарттарын дамыту. Дауыссыз дыбыстары үйлескен екі–үш буынды сөздерді айтуға үйрету. Қарым-қатынастың вербалды және вербалды емес құралдарын дамыту: Сөз сөйлеуді өз мағынасы және логикалық екпіні бар, сөйлеу бөліктеріне бөлуді үйрету. Қарым-қатынастық элементарлы ситуацияларына үйрету.	«Гүл шоғын құрастыр» «Менің үйім қайда?» «Кім қандай?» «Экологиялық тізбек» «Менің кім болып жұмыс істейтінімді тап» «Жұбын тап» «Кім тапқыр?» «Қарама – қарсы сөздер» «Бұл қай кезде болады?» «Бір сөзбен айт» «Сөз қос»
Күтілетін нәтиже	Құрбыластарымен және ересек адамдармен қатынасқа түседі, олардың өтініштерін орындайды; кейбір үстеулерді мағынасын түсінеді; ұқсас жағдайларды белгілейтін іс-әрекеттерді ажыратады; кейбір сөз жасам біліктерін меңгерген; дауыссыз дыбыстары үйлескен екі – үш буынды сөздерді айтады; сөйлеу тілінді жай көмекші сөздерді, жайылма сөйлемдерді қолданады; сюжетті суреттер бойынша сөйлемдер құрастырады, сипаттама бойынша қысқа әңгімелерді құрастырады және қайта айтып береді.	